

**6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған  
Қыдырова Салтанат Рашидовнаның «Студенттердің шығармашылық  
ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының**

## **АНДАТПАСЫ**

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазақстанның әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекегеқабілетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Осы тұрғыдан адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің рөлін өзектілеуге бағдарлау Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген. Оған қоса Елбасының 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру деген ұғым ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін, Қазақстан халқының бойларында «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігін» ескерсек, студенттің шығармашылық ойлауын дамытуды зерттеу қажеттігі тереңдей түседі.

Өйткені, тұлғаның шығармашылық даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан да ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты болып «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру; ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін ұлғайту» табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында (2 қыркүйек, 2019 ж.) шын мәнінде, педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі жоғары болуымен қатар педагогика саласында жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, тұрақты өзін өзі жетілдіруге бағыт алған, рухани дүниесі бай, шығармашыл тұлға, оның кәсіби шеберлігі әдістемелік жұмыстағы шеберлігімен ұштасып, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесін таратып жүрген ұстаз ретінде көрінуі шарт екендігі айтылған.

Өйткені, кәсіби білікті және шығармашыл ұстаз ғана бәсекегеқабілетті ұрпақты қалыптастыра алады.

Заманауи және әлемдік деңгейдегі қарама-қайшылықтарды, білім берудің жаңа ұлттық моделі деңгейінде өзекті мәселелерді шешуде болашақ педагогтардың шығармашылық қабілетін дамыту айрықша талапқа ие. Өйткені, ғасырдан ғасырға өз мәнін жоғалтпай, қай уақытта да заманның әлеуметтік және рухани талаптарынан туындаған көкейкесті мәселені көтеретін, өнер туындысы көркем құбылыстар мен түрлі ағымдар туралы мағлұматтар беріп, олардың ішкі бірлігі мен үндестігін сақтап, оқушының теориялық танымын тереңдетуге септігін тигізеді. Шығармашылықтың күрделі негізін түсінуде, оның озық тәжірибесін зерттеуде студенттерге білім берудің жаңаша әдістемесін ұсыну қажеттігі де осыдан туындайды. Бұл – студенттердің, соның ішінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық ойлауын даярлау бағытында жаңаша көзқарастарды қарастыруды талап етеді. Шығармашылық ойлаудың дамуы бәсекегеқабілетті тұлға қалыптасуының негізі, бұл *біріншіден*, *екіншіден* шығармашыл тұлғаны мектеп қабырғасынан қалыптастырған дұрыс, ал *үшіншіден* балалардың шығармашылық тұрғыдан дамуына басым ықпал ететін болашақ педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту қажеттілігі арта түседі.

Сондықтан да педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту бағытына көп көңіл бөлініп отыр.

Мұғалімнің шығармашылық тұрғыдан дамуы мәселесі ерте замандарда ақ Шығыс философы Кун Фуцзыдан бастап, ежелгі антикалық философтар (Платон, Аристотель, Сократ), орта ғасыр ойшылдары (Әл-Фараби, А.Иүгінеки, Ж.Баласағұни, Қ.Иассауи) қазақтың ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Т.Тәжібаев, Ж.Аймауытов т.б) еңбектерінде көрініс тапқан.

Соңғы уақыттарда ТМД мен Қазақстанда орындалған ғылыми еңбектерге жасаған талдау болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы (В.В.Краевский, В.А.Сластенин, В.Кузьмина, Н.Д.Хмель, С.Ж.Пралиев, Ш.Таубаева, А.П.Сейтешев, Г.Ж.Меңлібекова, М.С.Молдабекова, С.С.Маусымбаев, А.А.Жайтапова, Г.Т.Хайрулин, О.У.Мұсабеков және т.б.) [7-17]; шығармашылықтың жалпы мәселелері (И.Я.Лернер, Я.А.Пономарев, Д.Б.Богоявленская, Б.Д.Эльконин, В.В.Давыдов және т.б.), шығармашылық қабілеттің құрылымы мен оның түрлері (П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Лук және т.б.) дарындылық пен қабілеттіліктің шығармашылықпен байланысы (Б.М.Теплов, Л.С.Выготский, В.А.Крутецкий, А.М.Матюшкин, В.А.Моляко және т.б.), оқушы шығармашылығының ерекшеліктері (В.Сухомлинский, Е.А.Акопян, А.Е.Әбілқасымова, М.Ә.Құдайқұлов, Қ.Ғ. Қожабаев, М.К. Бұлақбаева, Р.С.Омарова және т.б.), мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығы (В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.А.Тұрғынбаева және т.б.), өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы (Б.К.Альмурзаева, Г.С.Сагаутдинова, С.Холландс, Д.В.Морисс және т.б) [18-23] зерттелгенін көрсетті.

Аталған зерттеудің аясында қазақстандық ғалымдардың бірқатар еңбектері үлкен қызығушылық тудырады. Олардың қатарында шығармашылық интеллектуалды тұлғаны оқыту мен дамыту үдерісінің психологиялық құрылымы (С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева), этнопсихологиялық ұғымдардың тұлғаны интеллектісі мен өзіндік бағалауын дамытуға әсері (А.Ж.Аяғанова), жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың креативті сапаларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары (А.Б.Оспанова, А.С.Швайковский, С.А.Нұржанова, Р.І.Қадірбаева, Р.С.Омарова), білім беруді зиятқандыру жағдайында профильдік оқытудың білім беру ортасын дамыту (Қунакова К.У) және т.б қарастырылған зерттеулерді атауға болады.

Сондай-ақ, біздің зерттеуімізге жақын келетін соңғы жылдардағы PhD диссертациялық зерттеулерде болашақ педагог-психологтардың зияткерлік әлеуетін дамыту (Кенжебаева Б.Т.), арнайы әскери мектептерде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары (Аширбаева Н.Н.), ұлттық музыка құралдары арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту (Жанқұл Тамараасар), білім беру субъектілерінің өзіндік және әлеуметтік белсенділігін дамыту (Жиенбаева Н.Б., К.Куанжанова), болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінде акме шығармашылық қасиеттерін қалыптастыру (Сагдуллаев И.И.), білім алушылардың дарындылығын дамыту (Туралбаева А, Сатова А.К., Нарикбаева Л.М.) және т.б. мәселелер жан-жақты қарастырылған [30-32]. Алайда бұл еңбектерде де білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары өз алдына жеке зерттеу пәніне алынбаған.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ғалымдар еңбектерін талдау қарастырылып отырған проблеманың бұрын-соңды мақсатты түрде педагогика ғылымында зерттелмегендігін көрсетеді. Сондай-ақ, проблеманың өзектілігін талдау негізінде жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі байқалды:

а) Қазақстанның рухани жаңғыруы жағдайында студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға қоғамның сұранысы мен практикада оның толықтай жүзеге асырылмауы арасында;

ә) жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың керектігі мен оның теориялық негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі арасында;

б) студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау қажеттігі мен олардың теориялық, әдістемелік негіздерінің зерттелу керектігі арасында;

в) ) студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын іске асыруда жоғары оқу-орны мүкіндіктерінің кеңдігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасында.

Осы айқындалған қарама-қайшылықтар *зерттеу проблемасын* анықтауда студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың

психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау қажеттігімен және оны практикада жүзеге асыру керектігімен анықталады. Сонымен «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі анық.

**Зерттеудің мақсаты** – студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздері мен психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау, оны жүзеге асырудың әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

**Зерттеудің нысаны** – жоғары педагогикалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісі

**Зерттеудің пәні** – студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

**Зерттеудің болжамы** – егер студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың мәні анықталса, моделі жасалып, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалса, әдістемесі жасалса және ол бағдарламалық-мазмұндық қамтамасыздандырылса (элективті курс бағдарламасы, мәдени жағдаяттар жүйесі, кезеңлермен дамытудың ғылыми-әдістемелік нұсқаулары) және практикаға ендірілсе, онда студенттердің шығармашылық ойлауының креативтілік деңгейіне жоғарылауы мүмкін болады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттегі субъектілік, өзара субектілік әрекеттестік; проблемалық-іс-әрекеттік оқыту негізіндегі мәдени жағдаяттар жүйесін шешуге арналған тапсырмалар мен жаттығу-тренингтер олардың интеллектуалдық белсенділігінің дамуына, логикалық ойлауының тереңдеуіне, ой-өрісі, зиятының өсуіне ықпал етеді.

#### **Зерттеудің міндеттері**

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздерін анықтау;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін экспериментте тексеру.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу проблемасына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саласының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін жинақтау, талдау; сауалнама, тест, диагностикалық әдістеме, статистикалық өңдеу; қорытындылау әдістері мен тәсілдері.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері** болып тұлға теориясы, тұлғаны дамыту қағидалары, таным және іс-әрекет теориясы, жүйелі қатынас принциптері мен әдістері, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық қатынастарының психологиялық тұжырымдамалары, диалектикалық білімдер; жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар; шығармашылық,

шығармашылық ойлау, креативтілік, тұлғаның шығармашылық ойлауының дамуы туралы теориялық тұжырымдар табылады.

**Зерттеу көздері:** философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және қазақстандық педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді басылымдар; автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

### **Зерттеу кезендері**

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

**1 кезең (2016-2017жж.)** - қарастырылып отырған проблема бойынша материалдар жинақталып, оларға талдау жасалды, жүйеленді, ғылыми аппарат анықталды, жоғары оқу орындарының, мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері жиналып, қорытыланды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы даярланды.

**2 кезең (2017-2018жж.)** - жоғары оқу орнының білім беру ортасында пайдаланылатын студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту материалдары сұрыпталды, аталған дамудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды. Элективті курс бағдарламасы әзірленіп, мазмұны жасалды. Оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың әдістемесі жасалды, мәдени жағдаяттар жүйесі, кезеңдермен дамытудың ғылыми-әдістемелік ұсыныстары әзірленді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы жүргізілді, аралық кесінділер алынды.

**3 кезең (2018-2019 жж.)** – тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау және өңдеу жасалып, диссертациялық зерттеу талапқа сай рәсімделді.

**Зерттеудің базасы:** Халел Досмухамедов атындағы Атырау университеті, С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі**

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздері анықталды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі экспериментте тексерілді.

### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту деңгейлерін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалды;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды;

- «Студенттердің шығармашылық ойлауының дамуы» атты элективті курсы, мәдени жағдаяттар жүйесі, шығармашылық ойлауды кезеңдермен дамытудың ғылыми-әдістемелік нұсқаулары дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

- зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- **«Ойлау»** - тұлғаның танымдық әрекетінде жүзеге асырылатын психикалық компонент. Ойлау мен шығармашылық ұғымның негізгі мәні олардың танымдық, яғни ақыл-ой іс-әрекетінде көрініс табатындығында, екеуі де интеллектуалдық белсенділік арқылы іске асатындығында. Сол себепті біз **«шығармашылық»** дегеніміз жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі, ал **«шығармашылық ойлау»** – ынталылық, эвристикалық, креативтілік деңгейдегі интеллектуалдық белсенділікпен, конструктивті дербестікпен жаңаны іздеп ойлап табу үдерісі деп тұжырымдаймыз. **Студенттің шығармашылық ойлауы** – бұл оның проблемаларды шешуде, жаңаны іздеп табуда логикалық операциялар мен эвристикалық, креативтілік тәсілдерді қолданудағы ынтасы, интеллектуалдық белсенділігі мен дербес конструктивтік іс-әрекетінің кіріктірілген сапасы:

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту үдерісі мотивациялық-құндылықты, интеллектуалдық-танымдық, іс-әрекеттік-рефлексивтік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады;

- студенттің шығармашылық ойлауының дамуы жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің барлық құрамдарын қамти отырып, оның барлық қатысушыларының өзара іс-әрекеттестігі мен үздіксіз мониторингі негізінде жүзеге асырылады;

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту мынадай **психологиялық-педагогикалық шарттарды** сақтаумен қамтамасыздандырылады: шығармашылық іс-әрекетте студенттердің субъектілік, өзара субъектілік әрекеттестігін қамтамасыздандыру; пән сабақтарын проблемалық-іс-әрекеттік оқыту негізінде құру, педагогикалық құралдарды тиімді қолдану.

#### **Зерттеу нәтижелерінің мақұлданыуы**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

- «Педагогико-психологические основы развития творческой личности у студентов» // «Creative World атты халықаралық IV ғылыми-әдістемелік конференция (Алматы, 2017);

- «Особенности развития творческого мышления у студентов» // “The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Алания, 2018);

- «Педагогические основы развития творческого мышления у студентов» // «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:CENTRAL ASIA» атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Астана, 2019);

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны 8 еңбекте жарық көрді. Соның ішінде 3-уі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3-еуі халықаралық конференциялар (оның 1-еуі шет елдік) материалдарында жарияланды.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** – зерттеу мақсатына сәйкес нақты әдіс-тәсілдердің пайдаланылуымен, студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға арналған философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі қағидалардың негізге алынуымен; тәжірибелік-эксперимент жұмысы нәтижесінде алынған мәліметтердің статистикалық өңделуімен және алынған деректердің талдау қорытындысы негізінде ұсыныс берілуімен қамтамасыздандырылды.

**Диссертация құрылымы мен мазмұны:** Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.